Әділет

# "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасы туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 28 желтоқсандағы № 1415 қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің қарауына енгізілсін.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі С. Ахметов*

Жоба

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЗАҢЫ

## Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

**1-бап**. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне (Жалпы бөлім) (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1994 ж., № 23-24 (қосымша); 1995 ж., № 15-16, 109-құжат; № 20, 121-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 187-құжат; № 14, 274-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 1-2, 8-құжат; № 5, 55-құжат; № 12, 183, 184-құжаттар; № 13-14, 195, 205-құжаттар; 1998 ж., № 2-3, 23-құжат; № 5-6, 50-құжат; № 11-12, 178-құжат; № 17-18, 224, 225-құжаттар; № 23, 429-құжат; 1999 ж., № 20, 727, 731-құжаттар; № 23, 916-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 7-құжат; № 8, 52-құжат; № 17-18, 240-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 2, 17-құжат; № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 11, 56, 57, 66-құжаттар; № 15, 139-құжат; № 19-20, 146-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 56-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 10, 31-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 4-құжат; № 3, 22-құжат; № 4, 24

-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20, 21-құжаттар; № 4, 28-құжат; № 16, 131-құжат; № 18, 143-құжат; № 20, 153-құжат; 2008 ж., № 12, 52-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114, 115-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 16, 18-құжаттар; № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 125, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 2, 21, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 4, 37-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13, 15-құжаттар; № 6, 43-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 76-құжат):

156-баптың 4-тармағындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

2. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 13-құжат; № 3, 26, 27-құжаттар; № 4, 30-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 10-11, 54-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 78-құжат):

1) мазмұнында:

193-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«193-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)»;

мынадай мазмұндағы 205-2 және 205-3-баптардың тақырыптарымен толықтырылсын:

«205-2-бап. Бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау

205-3-бап. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану»;

2) 51-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші

абзацтармен толықтырылсын:
«Осы Кодекстің 193-бабында көзделген қылмыстарды жасағаны үшін, сотталған адамның меншігінен басқа, қылмыстық жолмен алынған не қылмыстық жолмен алынған қаражатқа сатып алынған, сотталған адам басқа тұлғалардың меншігіне берген мүлік те тәркілеуге жатады.
Террористік қылмыстар жасағаны үшін сотталған адамның меншігінен басқа, қылмыстық жолмен алынған, террористік қызметті қаржыландыруда пайдаланылған не пайдалануға арналған мүлік те тәркілеуге жатады.»;
3) 190-баптың ескертулерінде:
1-тармақтағы «190 және 191» деген цифрлар «190, 191, 205-2 және 205-3» деген цифрлармен ауыстырылсын;
3-тармақта «192-1,» деген цифрлардан кейін «205-2, 205-3,» деген цифрлармен толықтырылсын;
4) 193-бапта:
тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:
«193-бап. Қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыру (жылыстату)»;
бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Қылмыстардан алынатын кірістерді білдіретін мүлікті конверсиялау немесе аудару жолымен мәмілелер жасау арқылы қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңды айналымға тарту, егер мүлік қылмыстардан алынатын кірістерді білдірсе, мұндай мүліктің шынайы сипатын, көзін, орналасқан жерін, оған билік ету тәсілін, оның орнын ауыстыруды, оған құқықтарды немесе оның тиесілілігін жасыру немесе жасырып қалу, сол сияқты осындай мүлікті иелену және пайдалану –
мүлкі тәркіленіп, бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз, бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;
мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:
«Ескерту.
Осы бапта конверсиялау деп шарттарды елеулі қайта жасау, өзгерту, ақшаның және (немесе) өзге мүліктің біреуін басқасына ауыстыру түсініледі.»;
5) мынадай мазмұндағы 205-2 және 205-3-баптармен толықтырылсын:
«205-2-бап. Бағалы қағаздар нарығына айла-шарғы жасау
1. Бағалы қағаздар нарығына айла-шарғы жасау, егер мұндай әрекет азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе не ірі мөлшерде кіріс алумен немесе залалды болғызбаумен ұштасса –
бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты айдан екі жылға дейінгі

мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) бірнеше рет жасалса;

б) аса ірі мөлшерде кіріс алумен немесе залалды болғызбаумен ұштасса;

в) алдын ала сөз байласу бойынша адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен жасалса –

мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, немесе онсыз бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

1. Осы бапта бағалы қағаздар нарығында айла-шарғы жасау деп «Бағалы қағаздар рыногы туралы» Қазақстан Республикасының Заңында тыйым салынған бағалы қағаздар нарығы субъектілерінің ұсыныс пен сұраныстың объективті арақатынасы нәтижесінде бағалы қағаздарға орныққан бағадан жоғары немесе төмен баға белгілеуге және (немесе) ұстап тұруға, бағалы қағаз саудасының көрінісін жасауға және (немесе) инсайдерлік ақпаратты пайдаланып мәміле жасасуға бағытталған іс-әрекеттері ұғынылады.

2. Осы Кодекстің 205-2, 205-3-баптарында ірі мөлшердегі залалдар деп сомасы он мың айлық есептік көрсеткіштен асатын залалдар, ал аса ірі мөлшердегі залалдар деп – сомасы жиырма мың айлық есептік көрсеткіштен асатын залалдар танылады.

205-3-бап. Инсайдерлік ақпаратты заңсыз пайдалану

1. Бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу кезінде инсайдерлік ақпаратты пайдалану, үшінші тұлғаларға инсайдерлік ақпаратты заңсыз беру, инсайдерлік ақпаратқа негізделген бағалы қағаздармен және (немесе) туынды қаржы құралдарымен мәмілелер жасасу туралы ұсынымдарды немесе ұсыныстарды үшінші тұлғаларға беру жөніндегі қасақана іс-әрекеттер, егер бұл іс-әрекеттер азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке ірі зиян келтірсе не ірі мөлшерде кіріс алумен немесе залалдар болғызбаумен ұштасса –

бес жүзден бір мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бес айдан он айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге кірісі мөлшерінде айыппұл салуға не бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырумен не алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз алты айдан бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекеттер:

а) алдын ала сөз байласу арқылы адамдар тобымен немесе ұйымдасқан топпен жасалса;

б) аса ірі мөлшерде кіріс алумен немесе залалды болғызбаумен ұштасса;

в) бұл әрекеттерді адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып жасаса – мүлкі тәркіленіп, үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз бір мыңнан екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не бір жылдан үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Ескерту.

Инсайдерлік ақпарат деп бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары), олармен жасалатын мәмілелер туралы, сондай-ақ бағалы қағаздарды (туынды қаржы құралдарын) шығарған (берген) эмитент, ол жүзеге асыратын қызмет туралы коммерциялық құпияны құрайтын дәйекті ақпарат, сондай-ақ үшінші тұлғаларға беймәлім, жария етілуі бағалы қағаздар (туынды қаржы құралдары) құнының өзгеруіне және олардың эмитентінің қызметіне ықпал етуі мүмкін өзге де ақпарат болып табылады.».

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат; № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; № 22, 130-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 9-құжат; № 2, 19, 28-құжаттар; № 19, 145-құжат; № 20, 158-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат; № 14, 93-құжат; 2013 ж., № 2, 11, 13- құжаттар; № 7, 36-құжат; № 13, 62, 64-құжаттар; № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76, 78-құжаттар):

192-бапта:

бірінші бөлікте «233-3» деген цифрлар алып тасталсын;

үшінші бөлікте:

«193-196, 199-205-1» деген цифрлар «194-196, 199-205-3» деген цифрлармен ауыстырылсын;

4-3-бөлікте «Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің» деген сөздерден кейін «193,» деген цифрлармен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 4-4-бөлікпен толықтырылсын:

«4-4. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 233-3-бабында көзделген

қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді қылмыстық істі қозғаған ұлттық қауіпсіздік немесе қаржы полициясы органдары жүргізеді.».

4. 1999 жылғы 1 шілдедегі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексіне ( Ерекше бөлім) (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1999 ж., № 16-17, 642-құжат; № 23, 929-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 10, 244-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 23, 309-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 10, 102-құжат; 2003 ж., № 1-2, 7-құжат; № 4, 25-құжат; № 11, 56-құжат; № 14, 103-құжат; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 3-4, 16-құжат; № 5, 25-құжат; № 6, 42-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 21-22, 87-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24, 25-құжаттар; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 13, 85-құжат; 2007 ж., № 3, 21-құжат; № 4, 28-құжат; № 5-6, 37-құжат; № 8, 52-құжат; № 9, 67-құжат; № 12, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 9-10, 48-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 3-4, 12-құжат; № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50, 53-құжаттар; № 16, 129-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 13, 14, 15-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 85-құжат; № 13, 91-құжат; № 14, 92-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 15, 82-құжат):

765-баптың 7-тармағындағы және 830-баптың 5-тармағының 4-1) тармақшасындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

5. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар;

2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; № 22, 128, 130-құжаттар; № 24, 146, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7, 9-құжаттар; № 2, 19, 25, 26, 28-құжаттар; № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 8, 64-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 115, 116-құжаттар; № 14, 117-құжат; № 16, 128, 129-құжаттар; № 17, 136-құжат; № 19, 145-құжат; № 21, 161-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 11, 13, 14, 16-құжаттар; № 3, 21, 22, 25, 26, 27-құжаттар; № 4, 32-құжат; № 5, 35, 36-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84, 85-құжаттар; № 13, 91-құжат; № 14, 92, 93, 94-құжаттар; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 10, 11, 13-құжаттар; № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 8, 50- құжат; № 10-11, 54-құжат; № 9, 51-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 13, 62, 63, 64-құжаттар; № 14, 72, 74, 75-құжаттар; № 15, 77, 78, 79, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат;):

1) 168-3-бапта:

тақырыбындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Қаржы мониторингі субъектілерінің Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қаржы мониторингіне жататын операциялар, өздерінің клиенттері туралы ақпаратты құжаттық тіркеу, сақтау және беру, клиенттерді, пайда алушыларды (бенефициарлық меншік иелерін) тиісінше тексеру, қаржы мониторингіне жататын операциялар жүргізуді тоқтата тұру және одан бас тарту, өз қызметі процесінде алынған құжаттарды қорғау бөлігінде бұзуы –»;

2-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Қаржы мониторингі субъектілерінің ішкі бақылау ережелерін және оны жүзеге асыру бағдарламаларын әзірлеу, қабылдау және (немесе) орындау жөніндегі міндеттерін орындамауы –»;

5-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бір жүз елуден екі жүзге дейінгі мөлшерінде, тауар биржаларының, бухгалтерлік қызметтерді көрсету саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалардың, микроқаржы ұйымдарының, банк болып табылмайтын электрондық ақша жүйелері операторларының, ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушылардың, почта операторларының, аудиторлық ұйымдардың, нотариустардың, адвокаттардың, дара кәсіпкерлердің лауазымды адамдарына – үш жүз сексеннен төрт жүзге дейінгі мөлшерде, тауар биржаларына, бухгалтерлік қызметтерді көрсету саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаларға, микроқаржы ұйымдарына, банк болып табылмайтын электрондық ақша жүйесінің операторларына, ойын бизнесі мен лотереяларды ұйымдастырушыларға, почта операторларына, аудиторлық ұйымдарға – алты айға

дейінгі мерзімге белгілі бір қызмет түріне лицензияның қолданылуын тоқтата отырып немесе біліктілік аттестатынан (куәлігінен) уақытша айыра отырып немесе заңды тұлғаның қызметін сол мерзімге тоқтата отырып не олардан айыра отырып бір мың сегіз жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерде айыппұл салуға әкеп соғады.»;

2) 169-баптың 4-тармағының бесінші абзацындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 636-баптың 1-тармағының 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

«почта байланысы саласындағы уәкілетті органның (168-3-бап);»;

4) 637-баптың 1-тармағында «158-5,» деген цифрлардан кейін «168-3» деген цифрлармен толықтырылсын.

6. 2010 жылғы 30 маусымдағы «Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2010 ж., № 14, 70-құжат; № 24, 145-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 2, 13-құжат; № 4, 21-құжат; № 7, 36-құжат; № 10-11, 56-құжат; № 14, 72-құжат; № 15, 81, 82-құжаттар; № 16, 83-құжат):

1) 10-баптың 1-тармағында:

19) тармақшадағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 19-1) тармақшамен толықтырылсын:

«19-1) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Кеден одағы кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумақтан Кеден одағы кедендік аумағының құрамдас бөлігі болып табылатын аумаққа жүзеге асырылатын әкелуді немесе әкетуді қоспағанда, қаржы мониторингіне жататын мәдени құндылықтарды, қолма-қол валютаны, талап етушіге құжаттамалық бағалы қағаздарды, вексельдерді, чектерді Қазақстан Республикасына әкелу немесе Қазақстан Республикасынан әкету жөніндегі ақпаратты қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға тоқсан сайын ұсыну;»;

2) 16-баптың 3-тармағының 4) тармақшасындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

7. «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі туралы» 1995 жылғы 30 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 3-4, 23-құжат; № 12, 88-құжат; № 15-16, 100-құжат; № 23, 141-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 11-12, 262-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 10, 123-құжат; 2003 ж., № 15, 138, 139-

құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 4, 24-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 4, 33-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 13, 116-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 1, 6-құжат; № 2, 14-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

8-баптың 33) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

8. «Қазақстан Республикасындағы банк және банк қызметі туралы» 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 15-16, 106-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1996 ж., № 2, 184-құжат; № 15, 281-құжат; № 19, 370-құжат; 1997 ж., № 5, 58-құжат; № 13-14, 205-құжат; № 22, 333-құжат; 1998 ж., № 11-12, 176-құжат; № 17-18, 224-құжат; 1999 ж., № 20, 727-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 8, 52-құжат; № 9, 86-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 5, 31-құжат; № 10, 51-құжат; № 11, 56, 67-құжаттар; № 15, 138, 139-құжаттар; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 15, 86-құжат; № 16, 91-құжат; № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 11, 55-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18, 21-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 12, 111-құжат; № 13, 116-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 76-құжат):

1) 46-бап мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Банктер және банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды бұзған жағдайларда, оларға осы баптың 1-тармағында келтірілген шаралар қолданылуы мүмкін.»;

2) 48-бапта:

1-2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1-2. «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген талаптарды жүйелі түрде (күнтізбелік он екі ай ішінде қатарынан үш және одан да көп рет) бұзу жағдайлары болған кезде уәкілетті орган барлық немесе жекелеген банк операцияларын жүргізуге лицензияның қолданысын тоқтата тұруға

құқылы.»;

1-3-тармақтың бірінші, үшінші абзацтарындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 50-баптың 4-тармағының 1-1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1-1) банктердің қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес қаржылық мониторингке жататын операциялар туралы, оның ішінде ақшалармен және (немесе) өзге мүлікпен күдікті операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты беруі;»;

4) 51-баптың 1-тармағының екінші, үшінші бөліктері мынадай редакцияда жазылсын:

«Заңды тұлғаның, оның құрылымдық бөлімшелерінің, дара кәсіпкердің, жеке нотариустың және адвокаттың банк шоттарындағы (корреспонденттік шоттардан басқа) барлық шығыс операциялары Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген жағдайларда, салық және (немесе) кеден органдарының өкімдері, сондай-ақ қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органның шешімі бойынша тоқтатыла тұруы мүмкін, ал өндіріп алу Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде көзделген негіздер бойынша ғана жүргізілуі мүмкін болады.

Жеке және заңды тұлғаның банктік шоттары бойынша операцияларды қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті орган «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңында көзделген жағдайларда тоқтата тұрады.»
.

9. «Қазақстан Республикасының ішкі істер органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 23, 154-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 7, 79-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 17-18, 225-құжат; № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233, 247-құжаттар; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 13-14, 174-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 20, 257-құжат; № 23, 309-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 12, 82-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154, 155-құжаттар; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 3, 22-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 3, 20-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2008 ж., № 15-16, 61-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 24, 149-құжат; 2011 ж., № 1, 2, 3-құжаттар; № 2, 25-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 4, 32-құжат; № 5, 35-құжат; № 8, 64-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 1, 3-құжат; № 2, 8-құжат; № 9, 51-құжат; № 12, 57-құжат; № 14, 75-құжат; № 16, 83-құжат):

10-баптың 1-тармағының 41) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық»

деген сөзбен ауыстырылсын.

10. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік органдары туралы» 1995 жылғы 21 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 157-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 10, 108-құжат; № 12, 184-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; № 24, 436-құжат; 1999 ж., № 8, 233-құжат; № 23, 920-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 20, 257-құжат; 2002 ж., № 6, 72-құжат; № 17, 155-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 20, 152-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; № 10, 48-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 63-құжат; 2013 ж., № 1, 2-құжат; № 2, 10-құжат; № 14, 72-құжат):

12-баптың 22) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

11. «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы» 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., № 24, 165-құжат; Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 205-құжат; 2000 ж., № 18, 336-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 18, 143-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж.,№ 13, 91-құжат ; № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат):

5-3-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) ипотекалық ұйымдардың Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;».

12. «Нотариат туралы» 1997 жылғы 14 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 13-14, 206-құжат; 1998 ж., № 22, 307-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат ; № 24, 338-құжат; 2003 ж., № 10, 48-құжат; № 12, 86-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 23, 100-құжат; 2010 ж., № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 21, 172-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 14, 72-құжат):

10-баптың 2-тармағының 3-1) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

18-баптың 2-тармағындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

31-баптың 3-1-тармағындағы және 33-баптың 1-тармағының 4-1) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

13. «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы Қазақстан

Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 22, 328-құжат; 2001 ж., № 15-16, 236-құжат; 2003 ж., № 11, 65-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 130-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 23, 179-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 6, 44-құжат; № 10, 77-құжат; 2013 ж., № 14, 72, 74-құжаттар; № 15, 76-құжат):

11-баптың 2-1-тармағының бірінші бөлігіндегі және 18-баптың 4-тармағындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

14. «Ақша төлемі мен аударымы туралы» 1998 жылғы 29 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 11-12, 177-құжат; № 24, 445-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; 2003 ж., № 4, 25-құжат ; № 10, 49, 51-құжаттар; № 15, 138-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 13, 116-құжат; 2012 ж., № 2, 14-құжат; № 12, 84-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

1) 1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«1-бап. Осы Заңмен реттелетін қатынастар

1. Осы Заң, почталық ақша аударуды жүзеге асыруға байланысты қатынастарды қоспағанда, Қазақстан Республикасындағы ақша төлемі мен аударымын жүзеге асыру кезінде туындайтын қатынастарды реттейді.

2. Қазақстан Республикасы банктерінің, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдардың және шетел банктерінің (қаржы институттарының) жүзеге асыратын ақша төлемдері мен аударымына байланысты қатынастары олардың арасындағы шарттармен және банк практикасында Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген талаптарды ескере отырып қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерімен реттеледі. Егер аталған халықаралық ақша төлемі мен ақша аударымы жөніндегі іс-әрекеттерге Қазақстан Республикасының аумағында бастамашылық жасалса, мұндай қатынастар осы Заңмен және аталған шарттармен және Қазақстан Республикасы заңдарына қайшы келмейтін бөлігінде банк практикасында қолданылатын іскерлік айналым дәстүрлерімен реттеледі.»;

2) 6-баптың 1-1-тармағының 2) тармақшасындағы «банк шотын ашуға тыйым салынады.» деген сөздер «банк шотын ашуға;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 3) тармақшамен толықтырылсын:

«3) анонимдік банк шоттарын немесе ойдан шығарылған аттарға банк шоттарын ашуға тыйым салынады.»;

3) 18-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы және 35-баптың 5-тармағындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 36-1-баптың 9-тармағы мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:
«Эмитент қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға онымен «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес тиісті шарттар жасасқан операторлар туралы ақпаратты беруге міндетті.».

15. «Жылжымалы мүлік кепілін тіркеу туралы» 1998 жылғы 30 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 13, 196-құжат; 2003 ж., № 11, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 140-құжат; 2006 ж., № 23, 141-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 14, 95-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат):

10-баптың 1-тармағының 4) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

16. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 15, 209-құжат; 1999 ж., № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 5, 116-құжат; 2001 ж., № 13-14, 172-құжат; № 17-18, 241-құжат; 2002 ж., № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 10, 56-құжат; 2007 ж., № 17, 140-құжат; № 19, 147-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; № 24, 122, 126-құжаттар; 2010 ж., № 24, 148-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 7, 54-құжат; 2012 ж., № 4 , 30, 32-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 10 -құжат; № 14, 72-құжат):

9-баптың 10-тармағының екінші бөлігіндегі «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

17. «Аудиторлық қызмет туралы» 1998 жылғы 20 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1998 ж., № 22, 309-құжат; 2000 ж., № 22, 408-құжат; 2001 ж., № 1, 5-құжат; № 8, 52-құжат; 2002 ж., № 23-24, 193-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 86-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 138-құжат; 2005 ж., № 14, 58-құжат; 2006 ж., № 8, 45-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; 2009 ж., № 2-3, 21-құжат; № 17, 79-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 12, 84-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 15, 79-құжат):

7-баптың 14-1) тармақшасындағы, 20-баптың 2-тармағының 4) тармақшасындағы және 21-баптың 2-тармағының 10) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

18. «Қаржы лизингі туралы» 2000 жылғы 5 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 10, 247-құжат; 2003 ж., № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 5, 25-құжат; 2005 ж., № 23, 104-құжат; 2010 ж., №

15, 71-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат):

11-баптың 2-тармағының 3) тармақшасындағы «тараптармен беруге міндетті;» деген сөздер «тараптармен беруге;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 4) тармақшамен толықтырылсын:

«4) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мәліметтер мен ақпаратты хабарлауға міндетті.».

19. «Сақтандыру қызметі туралы» 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2000 ж., № 22, 406-құжат; 2003 ж., № 11, 56-құжат; № 12, 85-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; 2005 ж., № 14, 55, 58-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 25-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 16, 99-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28, 33-құжаттар; № 8, 52-құжат; № 18, 145-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 134-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 112-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 8, 64-құжат; № 13, 91-құжат; № 21-22, 124-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

43-баптың 14-1) тармақшасындағы, 54-баптың 1-тармағының 11) тармақшасындағы және 55-баптың 1-тармағының 7) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

20. «Әділет органдары туралы» 2002 жылғы 18 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 6, 67-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 7-8, 23-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 10, 52-құжат; № 13, 86-құжат; 2007 ж., № 2, 14, 18-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 18, 143-құжат; 2008 ж., № 10-11, 39-құжат; 2009 ж., № 8, 44-құжат; № 15-16, 75-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; № 24, 128-құжат; 2010 ж., № 1-2, 2-құжат; № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 24, 145, 149-құжаттар; 2011 ж., № 1, 2, 3, 7-құжаттар; № 6, 50-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; № 15, 118-құжат; 2012 ж., № 3, 26-құжат; № 15, 97-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

12-баптың 1-тармағының екінші бөлігіндегі «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

21. «Қазақстан Республикасының қаржы полициясы органдары туралы» 2002 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2002 ж., № 13-14, 145-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 62-құжат; 2007 ж., № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3, 7-құжаттар; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 4, 32-құжат; № 8, 64-құжат; 2013 ж., № 14, 72-құжат):

8-баптың 1-тармағының 10) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

22. «Почта туралы» 2003 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына ( Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 3, 17-құжат; № 15, 139-құжат; 2004 ж., № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 16, 99-құжат; 2009 ж., № 2-3, 18-құжат; 2010 ж., № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 5, 35-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат; № 14, 75-құжат):

6-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы бөліктерімен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұлттық почта операторының қаржылық қызметті жүзеге асыруы және қаржылық қызмет көрсетуі кезінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асырады.

Уәкілетті орган Ұлттық почта операторының почта байланысы қызметін жүзеге асыруы кезінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауына бақылауды жүзеге асырады.».

23. «Бағалы қағаздар рыногы туралы» 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 14, 119-құжат; 2004 ж., № 16, 91-құжат; № 23, 142-құжат; 2005 ж., № 7-8, 24-құжат; № 14, 58-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 4, 28-құжат; № 9, 67-құжат; № 17, 141-құжат; 2008 ж., № 15-16, 64-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16, 18-құжаттар; № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 7, 28-құжат; № 17-18, 111-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 125-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 14, 15-құжаттар; № 10, 77-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 21-22, 124-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

1) 3-1-бап мынадай мазмұндағы 10-тармақпен толықтырылсын:

«10. Бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушылары, орталық депозитарий Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға ( жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында көзделген талаптарды бұзған жағдайда, оларға осы баптың 1-тармағында келтірілген шаралар қолданылуы мүмкін.»;

2) 43-баптың 3-тармағының 3-1) тармақшасындағы «Заңсыз» деген сөз « Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 51-бапта:

1-тармақтың 11) тармақшасында «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен

ауыстырылсын»;

4-тармақта:

3-1) тармақшадағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын»;

4) 56-1-баптың 4-тармағының бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Мыналарға:»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

3) инсайдерлік ақпаратқа негізделген, бағалы қағаздармен мәмілелер жасау туралы ұсынымдарды үшінші бір адамдарға беруге тыйым салынады.»;

24. «Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы» 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 15, 132-құжат; 2004 ж., № 11-12, 66-құжат; № 16, 91-құжат; 2005 ж., № 14, 55-құжат; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 3, 22-құжат; № 4, 24-құжат; № 8, 45-құжат; № 13, 85-құжат; № 15, 95-құжат; 2007 ж., № 4, 28-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; 2009 ж., № 17, 81-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111, 112-құжаттар; 2011 ж., № 11, 102-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

9-баптың 2-1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«2-1. Уәкілетті орган қаржы ұйымдарының және ұлттық пошта операторының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы ақпаратты тіркеу, сақтау және беру клиенттерді, пайда алушыларды (бенефициарлық меншік иелерін) тиісті дәрежеде тексеру, қаржы мониторингіне жататын операциялар жүргізуді тоқтата тұру және одан бас тарту, өз қызметі процесінде алынған құжаттарды қорғау бөлігінде орындауын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес ішкі бақылаудың ұйымдастырылуын және іске асырылуын бақылауды жүзеге асырады.».

25. «Мемлекеттік құқықтық статистика және арнайы есепке алу туралы» 2003 жылғы 22 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2003 ж., № 24, 176-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; 2009 ж., № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 3-құжат; № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 23, 178-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):

1) 7-баптың 2-тармағының 9) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 12-баптың 3-тармағының 13) тармақшасындағы «жол-көлік оқиғаларын арнайы есепке алуды жүзеге асырады.» деген сөздер «жол-көлік оқиғаларын;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 14), 15), 16), 17) тармақшалармен толықтырылсын:

«14) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті

заңдастырғаны (жылыстатқаны) және терроризмді және (немесе) экстремизмді қаржыландырғаны үшін жауаптылыққа тартылған адамдарды;

15) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді және (немесе) экстремизмді қаржыландыруға байланысты тәркіленген мүлік сомасын;

16) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді және (немесе) экстремизмді қаржыландыруға байланысты тыйым салу санын;

17) қылмыстық жолмен алынған ақшаны және (немесе) өзге мүлікті заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді және (немесе) экстремизмді қаржыландыруға байланысты өзара құқықтық көмек пен өзге халықаралық сұрау салуларды арнайы есепке алуды жүзеге асырады.».

26. «Ойын бизнесі туралы» 2007 жылғы 12 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 2, 15-құжат; 2009 ж., № 9-10, 48-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 22, 132-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 19, 145-құжат; 2012 ж., № 15, 97-құжат):

8-баптың 1-тармағының 2) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

12-баптың 12-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«13. Ойын бизнесін ұйымдастырушылар Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасында белгіленген талаптарды сақтауға міндетті.».

27. «Бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілік туралы» 2007 жылғы 28 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 4, 32-құжат; 2008 ж., № 17-18, 72-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 18, 84-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; № 15, 71-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 14, 117-құжат; № 24, 196-құжат; 2012 ж., № 2, 15-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 20, 121-құжат; № 23-24, 125-құжат):

1) 20-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы 20-1) тармақшамен толықтырылсын:

«20-1) «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлерді есепке алуды жүзеге асырады;»;

2) 21-баптың 5-тармағы мынадай мазмұндағы 3-1) және 3-2) тармақшалармен толықтырылсын:

«3-1) өз мүшелеріне қатысты бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлердің «Қылмыстық

жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңын сақтауын талап етуге;

3-2) өз мүшелерінің, қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға бухгалтерлік есеп саласында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдардың және кәсіби бухгалтерлердің «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының Заңын бұзғаны туралы мәліметтерді хабарлауға;»;

28. «Жылжымайтын мүлікке құқықтарды мемлекеттік тіркеу туралы» 2007 жылғы 26 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2007 ж., № 18, 142-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 2-3, 16-құжат; № 8, 41-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 7, 28-құжат; 2011 ж., № 3, 32-құжат; № 5, 43-құжат; № 6, 50-құжат; № 15, 118-құжат; № 16, 129-құжат; 2012 ж., № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат, № 14, 95-құжат, № 20, 121-құжат; 2013 ж., № 1, 3-құжат; № 5-6, 30-құжат):

27-баптың 1-тармағының 2-1) тармақшасындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

29. «Тауар биржалары туралы» 2009 жылғы 4 мамырдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 9-10, 46-құжат; № 18, 84-құжат; № 19, 88-құжат; 2010 ж., № 5, 23-құжат; 2011 ж., № 1, 2-құжат; № 11, 102-құжат; № 12, 111-құжат; 2012 ж., № 12, 84-құжат; № 15, 97-құжат; 2013 ж., № 4, 21-құжат; № 14, 75-құжат):

24-баптың 3-тармағының 6) тармақшасындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

30. «Заңсыз жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» 2009 жылғы 28 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2009 ж., № 19, 87-құжат; 2010 ж., № 7, 32-құжат; 2011 ж., № 11, 102-құжат; 2012 ж., № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; № 13, 91-құжат; 2013 ж., № 10-11, 56-құжат):

1) тақырыбында «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) кіріспедегі «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

3) 1-бапта:

1) және 2-1) тармақшалардағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-2) тармақшамен толықтырылсын:

«2-2) қаржы мониторингіне жататын операциялар – оларға қатысты осы Заңға сәйкес қаржы мониторингі белгіленген ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар;»;

3) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«3) қылмыстық жолмен алынған кірістер – қылмыс жасау нәтижесінде алынған ақша және (немесе) өзге мүлік;»;

4) тармақшадағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) және 6) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

«5) корреспонденттік қатынастар – банктік қызмет көрсетуді жүзеге асыруға байланысты операциялар жасау мақсатында корреспонденттік шоттарды ашу кезінде туындайтын шарттық қатынастар;

6) қаржы мониторингі – осы Заңға сәйкес уәкілетті орган және қаржы мониторингі субъектісі жүзеге асыратын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты жинау, өңдеу, талдау және пайдалану жөніндегі шаралардың жиынтығы;»;

8) тармақшадағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 10), 11), 12), 13), 14), 15), 16) тармақшалармен толықтырылсын:

«10) пайда алушы (бенефициарлық меншік иесі) – клиент-заңды тұлғаның жарғылық капиталында не орналастырылған (қоғам артықшылық берген және сатып алғанды шегергенде) акцияларда қатысу үлестерінің жиырма бес және одан көп пайызы тікелей немесе жанама тиесілі немесе клиентті өзгеше бақылайтын және (немесе) клиент пайда алу мақсатында оның мүддесінде ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар жасайтын жеке тұлға;

11) шет мемлекеттің құзыретті органы – өзінің заңнамасына сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылды жүзеге асыратын шет мемлекеттің органы;

12) іскерлік қатынастар – қаржы мониторингі субъектісінің кәсіптік қызметті жүзеге асыруы процесінде туындайтын клиенттермен қатынастар;

13) клиент – қаржы мониторингі субъектісі көрсететін қызметті тұтынатын жеке немесе заңды тұлға;

14) қалқа-банк – банктің тіркелген мемлекетте (аумақта) шоғырландырылған қадағалауға жататын банктік холдингтің тікелей немесе жанама иелігінде болуын қоспағанда, банк ретінде тіркелген және (немесе) банктік қызметті жүзеге асыруға лицензия алған мемлекетте (аумақта) жеке қатысуы жоқ резидент емес - банк;

15) жеке қатысуы – банктің әрекет ететін басқару органдары мен персоналы бар, банктік қызметке қатысты құжаттарын есепке алу жүргізілетін және сақталатын және банктік қызметті жүзеге асыруға резидент емес – банкке лицензия беретін уәкілетті органның тексерулері жүргізілетін тұрақты мекенжай (почта жәшігінің мекенжайынан немесе электрондық мекенжайдан басқа) бойынша орналасқан резидент емес – банктің қызметін жүргізу орны;

16) ақша аудару жүйелері – электрондық ақша жүйелерін қоспағанда, онымен банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым клиенттерге

қызмет көрсету бойынша агенттік келісім жасасқан банк немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйым болып табылмайтын өзге тұлға операторы ретінде әрекет ететін ақша аудару жүйесі;»;

4) 2-баптағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

5) 2-тараудың тақырыбындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

6) 3-баптың 1-тармағында:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) банкаралық ақша аудару жүйесінің операторын қоспағанда, банктер, банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар;»;

8) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«8) аудиторлық ұйымдар, кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын бухгалтерлік ұйымдар мен кәсіби бухгалтерлер»;

10) тармақшадағы «почта операторлары жатады.» деген сөздер «почта операторлары;» деген сөздермен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 11), 12) тармақшалармен толықтырылсын:

«11) микроқаржылық ұйымдар;

12) банк болып табылмайтын электрондық ақша жүйелерінің операторлары жатады.»;

7) 4-бапта:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Күдікті операциялар олардың жүзеге асырылу нысандарына және олар жасалған немесе жасалуы мүмкін сомаға қарамастан, қаржы мониторингіне жатады.»;

4-тармақта:

2) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«2) осы Заңда көзделген клиентті тиісінше тексеру және (немесе) қаржы мониторингі рәсімдерінен жалтаруға бағытталған іс-қимыл жасау;»;

мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) қылмыс жасауға және (немесе) кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) бағытталған деп жорамалдауға негіздер бар мәміле және (немесе) операция жасау;»;

4) тармақшадағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 5-бапта:

1-тармақтағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

2-тармақтың 2) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«2) қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар, оның ішінде күдікті операциялар жүзеге асырылған;»;

3-тармақта:

бірінші бөлік мынадай мазмұндағы 2-1) тармақшамен толықтырылсын:

«2-1) тұрғылықты жерінің мекенжайын қоспағанда, осы баптың

1) тармақшасына сәйкес пайда алушыны (бенефициарлық меншік иесін) анықтау және оны сәйкестендіру үшін қажет деректерді тіркеу.

Пайда алушыны (бенефициарлық меншік иесін) табуы клиент ұсынатын мәліметтер мен құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Қаржы мониторингі субъектінің клиент-заңды тұлғаның пайда алушыны ( бенефициарлық меншік иесін) анықтау шеңберінде осы клиенттің құрылтай құжаттары және акцияларын ұстаушылардың тізілімдері негізінде оның меншік құрылымы мен басқармасы туралы мәліметтерді тіркейді.

Егер осы тармақта көзделген шаралар нәтижесінде клиент-заңды тұлғаның пайда алушысы (бенефициарлық меншік иесі) анықталмаса, клиент-заңды тұлғаның жеке жергілікті атқарушы органы бенефициарлық меншік иесі болуы мүмкін.

Пайда алушыны (бенефициарлық меншік иесін) сәйкестендіру үшін қажет мәліметтерді тіркеу клиент ұсынатын мәліметтер мен құжаттар негізінде жүзеге асырылады.

Пайда алушыны (бенефициарлық меншік иесін) сәйкестендіру үшін қаржы мониторингі субъектілер өзге көздерден алуы мүмкін деректерді пайдалануы мүмкін;»;

мынадай мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

«6) клиентті, пайда алушыны (бенефициарлық меншік иесін) сәйкестендіруге қажетті мәліметтердің дұрыстығын тексеру және өзектендіру.

Клиентті сәйкестендіру үшін қажетті мәліметтердің дұрыстығын тексеру түпнұсқалардың немесе нотариат куәландырған көшірмелердің, ал Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда, тиісті құжаттардың көшірмелері негізінде және (немесе) қолжетімді көздерден алынған деректермен салыстыру арқылы жүзеге асырылады.

Қаржы мониторингі субъектісінің тәуекелді басқару жүйесіне не осы Заңға сәйкес клиент жататын тәуекел санатын ескере отырып, тиісті мәліметтерді өзекті ету қажеттілігіне қарай, бірақ тәуекелдің жоғары санатына жатқызылған клиенттер үшін жылына кемінде бір рет жүзеге асырылуы мүмкін.»;

мынадай мазмұндағы 3-1 және 3-2-тармақтармен толықтырылсын:

«3-1. Екінші деңгейдегі банктер мен банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар ақша аудару жүйесі арқылы операцияларды жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғалар туралы мәліметтерді тіркеу бойынша қолжетімді шаралар қабылдайды.

3-2. Осы бапта көзделген шараларды қаржы мониторингі субъектілері мынадай жағдайларда:

1) «Ақша төлемі мен аударымы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 36-2-бабының 4-тармағында көзделген сомадан аспайтын электрондық ақшаны сатып алу және пайдалану бойынша операцияларды электрондық ақшаның сәйкестендірілмеген иелері – жеке тұлғалар жүзеге асырған кезде;

2) сомасы бір немесе бірнеше өзара байланысқан транзакциялардың нәтижесінде республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшеріне тең сомадан аспайтын қолма-қол ақшаны қабылдауға арналған жабдық (құрылғы) арқылы банк шотына ақшаны есептеу бойынша операцияларды клиент – жеке тұлға жүзеге асырған кезде;

3) осы Заңның 4-бабының 4-тармағында көрсетілген критерийлердің біріне жүргізіліп жатқан операциялардың сәйкестігін қоспағанда, клиенттер салықтарды және бюджетке төленетін өзге де міндетті төлемдерді төлеу бойынша, коммуналдық қызметтерге, байланыс қызметіне, телерадио хабарларын тарату қызметіне ақы төлеу бойынша операцияларды жүзеге асырған кезде, сондай-ақ бір немесе бірнеше өзара байланысқан транзакциялардың нәтижесінде сомасы 1 500 000 теңгеден аспайтын банк қарызын өтеу кезінде;

4) осы Заңның 4-бабының 4-тармағында көрсетілген критерийлердің біріне жүргізіліп жатқан операциялардың сәйкестігін қоспағанда, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің бір жүз еселенген мөлшерінен аспайтын сомада қолма-қол шетел валютасын айырбастау пунктінде сатып алу, сату немесе айырбастау бойынша операцияларды клиент – жеке тұлға жүзеге асырған кезде қолданбайды.»;

мынадай мазмұндағы 5-тармақпен толықтырылсын:

«5. Клиентті, пайда алушыны (бенефициарлық меншік иесін) тиісінше тексеруді жүзеге асыру мақсатында қаржы мониторингі субъектісі клиенттен мәліметтерді, оның ішінде клиенттің жеке тұлғасы, қызмет түрі, қаржылық жай-күйі, жасалған операциялардың қаржыландыру көздері туралы мәліметтерді және оны растайтын құжаттарды ұсынуды талап етуге құқылы.

Клиенттер осы Заңда көзделген қаржы мониторингі субъектілерінің міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратты, оның ішінде пайда алушы (бенефициарлық меншік иесі) туралы ақпаратты оларға беруге міндетті.»;

9) 8-бапта:

1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«1) клиенттің шетелдік жария лауазымды адамға жататынын және (немесе) қатыстығын тексеруді жүзеге асыруға;»;

2) тармақшадағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 9-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«9-бап. Шетелдік қаржы ұйымдарымен корреспонденттік қатынастар орнатылған кезде тиісті тексеру

Осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілері осы Заңның 5-бабының 3-тармағында көзделген шаралардан басқа, шетелдік қаржы ұйымдарымен корреспонденттік қатынастар орнатқан кезде қосымша:

1) респондент - шетелдік қаржы ұйымының (корреспонденттің) қаржылық жай-күйі , беделі және қызмет сипаты туралы, оның ішінде оны тіркеген елдің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамасын бұзғаны үшін оған санкция қолданылуы туралы мәліметтер жинауды және құжаттамалық тіркеуді жүзеге асыруға;

2) респондент - шетелдік қаржы ұйымы (корреспондент) тіркелген елдің қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл бойынша заңнамасына сәйкес қабылданған ішкі бақылау шаралары туралы ақпаратты құжаттамалық тіркеуге, сондай-ақ қабылданған ішкі бақылау шараларының тиімділігін бағалауды жүзеге асыруға;

3) қалқа-банктермен корреспонденттік қатынастарды орнатпауға және қолдамауға;

4) респондент - шетелдік қаржы ұйымы (корреспондент) қалқа-банктердің өз шоттарын пайдалануынан бас тартқанына көз жеткізуге;

5) жаңа корреспонденттік қатынастарды орнатуға ұйымның басшы қызметкерінің рұқсатын алуға міндетті.

Респондент - шетелдік қаржы ұйымының (корреспонденттің) қалқа-банктермен корреспондеттік қатынастардың болуы респондент - шетелдік қаржы ұйымы ( корреспондент) беретін және (немесе) қаржы мониторингі субъектісінің өзге көздерден алатын ақпараттың негізінде айқындалады.»;

11) 10-бапта:

2-тармақтың екінші бөлігінің 2), 3) тармақшалары мынадай редакцияда жазылсын:

«2) ерекше қызметінің түрі шетел валютасы мен айырбас операцияларын ұйымдастыру болып табылатын заңды тұлғалар – бөлінген байланыс арналары арқылы операция жасалған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей, электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште;

3) осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 6) - 9), 11), 12) тармақшаларында көрсетілген қаржы мониторингі субъектілері – бөлінген байланыс арналары арқылы операция жасалған және (немесе) анықталған күннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште уәкілетті органға қазақ немесе орыс тілінде ұсынады.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Бұрын қаржы мониторингі субъектісі ұсынған қаржы мониторингіне жататын операциялар бойынша, оның ішінде күдікті операциялар туралы қажетті ақпаратты алу мақсаттарында уәкілетті орган қаржы мониторингі субъектісіне қажетті ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды беруге сұрау салу жібереді.

Осы Заңның 18-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында және 19-бабының 2-тармағында көрсетілген мақсаттарда уәкілетті орган қаржы мониторингі субъектісіне қажетті ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды беруге сұрау салу жібереді.

Қаржы мониторингі субъектілері уәкілетті органға оның сұрау салулары бойынша

қаржы мониторингіне жататын операциялар бойынша:
1) осы Заңның 4-бабының 1 және 2-тармақтарына сәйкес тиісті сұрау салуды алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде;
2) осы Заңның 4-бабының 4-тармағына сәйкес тиісті сұрау салуды алған сәттен бастап жиырма төрт сағат ішінде қажетті ақпаратты, мәліметтерді және құжаттарды беруге міндетті.
Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттың негізінде берілетін мәліметтер мен ақпаратты қоспағанда, уәкілетті органның осы Заң қолданысқа енгізілгенге дейін жасалған операциялар жөнінде мәліметтер мен ақпаратты сұратуға құқығы жоқ.»;
12) 11-бапта:
1 және 2-тармақтардағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;
3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Қаржы мониторингі субъектілері ішкі бақылау қағидаларын әзірлейді, қабылдайды әрі орындайды және осы Заңда көзделген ішкі бақылауды жүргізу кезінде қаржы мониторингі субъектісінің қызметіне қойылатын талаптардан басқа, олар мыналарды:
1) осы Заңның 4-бабының 1-тармағында көрсетілген шарттарды;
2) осы Заңның 4-бабының 2-тармағында көрсетілген қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен жасалатын операциялардың тізбесін;
3) күдікті операцияларды айқындау критерийлерін;
4) өз клиенттерін тиісінше тексеру үшін қажетті құжаттар тізбесін;
5) өз клиенттерін тиісінше тексеру шараларын;
6) қаржы мониторингі субъектісінің респонденттері – шетелдік қаржы ұйымдарымен (корреспонденттермен) корреспонденттік қатынастар орнатқан кезде оларды тиісінше тексеру шараларын;
7) барлық күрделі және ерекше ірі мәмілелерді бақылау мен зерделеу, зерделеу нәтижелерін жазбаша нысанда тіркеу және нәтижелер деректерін бес жыл бойы сақтау бойынша шараларды;
8) ақшаны жылыстату және терроризмді қаржыландыру схемаларында технологиялық жетістіктерді пайдалануды болғызбау жөнінде ерекше рәсімдердің болуын;
9) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген электрондық банк қызметтерін көрсеткен кезде клиентті тиісінше тексеру рәсімдеріне қойылатын ерекше талаптардың болуын;
10) осы Заңның 13-бабының 1-тармағында көрсетілген клиенттің операцияларды жүргізуден бас тартуы үшін негіздерді;
11) осы Заңның 13-бабының 2-тармағына сәйкес клиенттің күдікті операциялары

туралы уәкілетті органды міндетті түрде хабардар ету жөніндегі шараларды;

12) қаржы мониторингі субъектілерінің лауазымды тұлғаларының сәйкестендіру деректеріне және өз клиенттерін тиісінше тексеру жөніндегі өзге де ақпаратқа қол жеткізуін қамтамасыз етуді;

13) осы Заңның 5-бабының 3-тармағына сәйкес алынған ақпаратты сақтау және қорғау тәртібін қамтамасыз ету жөніндегі шараларды;

14) қылмыстық жолмен алынған ақшаны заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру тәуекелдерін басқару жүйесін ұйымдастыру және жүргізу бойынша шараларды;

15) лауазымдық міндеттеріне клиенттермен жұмыс жүргізу кіретін қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлеріне ішкі бақылау қағидаларын мәлімет үшін жеткізу туралы талаптарды;

16) қаржы мониторингі субъектілері басшыларымен, лауазымды тұлғаларымен және қызметкерлерімен күдікті операция туралы ақпараттың жариялануына тыйым салу бойынша шараларды;

17) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласында жұмылдырылған қаржы мониторингі субъектілері қызметкерлерін даярлау және оқыту жүйесін ұйымдастыру жөніндегі шараларды;

18) қаржы мониторингі субъектілерінің лауазымды адамдарын тағайындауға, олардың біліктілігіне және оларды даярлауға қойылатын талаптарды;

19) жоғары тәуекел санатындағы клиенттерге, пайда алушыларға (бенефициарлық меншік иелеріне) қатысты тиісінше тексеру күшейтілген шараларды қамтуға тиіс.

Жоғары тәуекел санатына міндетті түрде:

1) азаматтығы бар немесе тіркелген не уәкілетті орган толтыратын қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға тәуекелі жоғары елдер тізбесіне кіретін мемлекетте (аумағында) азаматтығы бар немесе тіркелген тұлғалармен, сондай-ақ осы мемлекеттерде ( аумақтарда) тіркелген еншілес ұйымдармен, филиалдармен және өкілдіктермен операциялар жасайтын;

2) шетелдік жария лауазымды адамдар болып табылатын клиенттер, пайда алушылар (бенефициарлық меншік иелері) қосылады.»;

мынадай мазмұндағы 3-1-тармақпен толықтырылсын:

«3-1. Қаржы мониторингі субъектілері Қазақстан Республикасында, сондай-ақ оның шегінен тысқары орналасқан өз филиалдарының, өкілдіктерінің, еншілес ұйымдарының егер бұл олардың орналасқан жеріндегі мемлекеттің заңнамасына қайшы келмесе, ішкі бақылау қағидаларын және оны іске асыру бағдарламаларының орындауын қамтамасыз етуге тиіс.

Қаржы мониторингінің субъектілері уәкілетті органға және бақылау мен қадағалау

органына Қазақстан Республикасының шегінен тысқары орналасқан өз филиалдарының , өкілдіктерінің, еншілес ұйымдарының олардың орналасқан жеріндегі мемлекеттің заңнамасына қайшы келетіндіктен, ішкі бақылау қағидаларын және оны іске асыру бағдарламаларын орындау мүмкіндігінің болмауы фактілері туралы хабарлауға міндетті.»;

4-тармақ мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:

«Қаржы мониторингіне жататын операциялар, оның ішінде күдікті операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты, клиенттер туралы мәліметтер мен іскерлік хат алмасуды растайтын құжаттар операция жасалғаннан кейін қаржы мониторингі субъектілерінің кем дегенде бес жыл сақтауына жатады.»;

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«5. Уәкілетті органға ақпаратты ұсынушы қаржы мониторингінің субъектілері, олардың лауазымды адамдарының бұл туралы өздеріне қатысты ақпарат берілетін клиенттерге және өзге тұлғаларға хабарлауға құқығы жоқ.»;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Ішкі бақылау қағидаларын және оны жүзеге асыру бағдарламаларын сақтауға жауапты қаржы мониторингі субъектілері лауазымды адамдарының функциялары:

1) қаржы мониторингі субъектісінің ішкі бақылау қағидаларын және оны жүзеге асыру бағдарламасын ұйымдастыру мен орындау;

2) қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы мәліметтер мен ақпаратты уәкілетті органға беру туралы шешім қабылдау;

3) ішкі бақылау қағидаларын және оны жүзеге асыру бағдарламасын сақтау бойынша қаржы мониторингі субъектінің және оның қызметкерлерінің қызметіне бақылауды жүзеге асыру;

4) қаржы мониторингі субъектісі қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының тиісті мемлекеттік органдарының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауға бақылау жүргізуге жәрдемдесу;

5) осы Заңда және Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында көзделген өзге де талаптарды жүзеге асыру болып табылады.»;

мынадай мазмұндағы 8-тармақпен толықтырылсын:

«8. Қаржы мониторингі субъектілерінің кадрларын даярлау мен оқытуға қойылатын талаптарды тиісті мемлекеттік органдармен келісім бойынша уәкілетті орган бекітеді.»;

13) 12-бапта:

1-тармақ мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Уәкілетті орган терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесін адвокаттарды қоспағанда, осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген қаржы мониторингі субъектілерінің назарына жеткізеді.»;

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:
«3. Терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесі, өз құзыреті шегінде құқықтық статистика мен арнайы есепке алу саласында статистикалық қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік орган, сондай-ақ басқа да құзыретті мемлекеттік органдар уәкілетті органға ұсынатын ақпаратқа сәйкес жаңартылып отырады.»;
6-тармақ алынып тасталсын;
14) 13-бапта:
мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:
«1-1. Қаржы мониторингінің субъектілеріне осы Заңның 12-бабының 1-тармағында көзделген терроризмді және экстремизмді қаржыландыруға байланысты ұйымдар мен тұлғалардың тізбесіне кіретін ұйымдар мен тұлғалардың банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын жүргізуге тыйым салынады.»;
2, 3-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:
«2. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыру (жылыстату) және терроризмді қаржыландыру фактілерінің алдын алу және жолын кесу мақсатында қаржы мониторингінің субъектілері күдікті операция туралы ол жасалғанға дейін уәкілетті органға дереу хабарлауға міндетті.
Уәкілетті органның қаржы мониторингін жүзеге асыру мақсаттарына орай тоқтата тұру мүмкін емес күдікті операциялар туралы хабарларды қаржы мониторингінің субъектілері олар жасалғаннан кейін үш сағаттан кешіктірмей не мұндай операциялар анықталған сәттен бастап жиырма төрт сағаттың ішінде уәкілетті органға береді.
3. Уәкілетті орган осы баптың 2-тармағының бірінші бөлігінде көзделген хабарламаны алысымен, оны алған кезден бастап жиырма төрт сағат ішінде, егер қаржы мониторингі субъектісі ұсынған күдікті операция туралы хабарлама уәкілетті орган жүргізген талдау нәтижелері бойынша негізді деп танылған болса, күдікті операцияның жүргізілуін үш жұмыс күніне дейінгі мерзімге тоқтата тұру туралы шешім қабылдайды.
Уәкілетті орган осы Заңның 18-бабы 2-тармағының 1) тармақшасында көзделген күдікті операция туралы хабарламаны алғаннан кейін, егер ақпарат алынған кезде ол әлі жүргізілмеген болса, осы операцияны тоқтата тұруға құқылы.
Күдікті операцияны тоқтата тұру туралы не күдікті операцияны тоқтата тұрудың қажеттігі жоқ екені туралы шешім уәкілетті органның бұйрығымен ресімделеді және электрондық тәсілмен немесе қағаз жеткізгіште күдікті операция туралы хабарламаны ұсынған қаржы мониторингі субъектісінің және мемлекеттік органның назарына жеткізіледі.»;
мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:
«5-1. Уәкілетті орган терроризмді және (немесе) экстремизмді қаржыландыруға бағытталады деп жорамалдауға негіздер бар операция бойынша осы баптың 5-

тармағына сәйкес берілген күдікті операцияны тоқтата тұру қажеттілігі туралы арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының шешімі алынған жағдайда, осы операцияның қатысушылары болып табылатын тұлғалардың банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын күнтізбелік отыз күнге дейінгі мерзімге тоқтата тұру туралы шешім шығарады.

Терроризмді және (немесе) экстремизмді қаржыландыруға бағытталады деп жорамалдауға негіздер бар операцияның қатысушылары болып табылатын тұлғалардың банктік шоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы шешім уәкілетті органның бұйрығымен ресімделеді және осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 1) тармақшасында көзделген қаржы мониторингі субъектілерінің назарына жеткізіледі.

Уәкілетті орган банктік шоттар бойынша шығыс операцияларын тоқтата тұру туралы Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасына және осы шешімді ұсынған арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарына хабарлайды.»;

15) 14-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«14-бап. Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнаманың сақталуын бақылау

Қаржы мониторингі субъектілерінің қаржы мониторингіне жататын ақшамен және (немесе) өзге мүлікпен операциялар туралы ақпаратты тіркеу, сақтау және ұсыну бөлігінде Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын орындауын, клиенттерін, пайда алушыларын (бенефициарлық меншік иелерін) тиісінше тексеруді, қаржы мониторингіне жататын операцияларды тоқтата тұруды және жүргізуден бас тартуды, өз қызметін жүргізу процесінде алынған құжаттарды қорғауды, сондай-ақ ішкі бақылауды ұйымдастыруын және орындауын бақылауды тиісті мемлекеттік органдар өздерінің құзыретіне сәйкес және Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүзеге асырады.»;

16) 15-баптағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

17) 16-бапта:

мәтіндегі «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы 12-1) тармақшамен толықтырылсын:

«12-1) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы халықаралық бірлестіктердің және өзге де жұмыс топтарының қызметіне қатысады;»;

14) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«14) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың тәуекелі жоғары елдердің тізбесін жасайды және оны қаржы мониторингі субъектілеріне жеткізетін тиісті мемлекеттік органдарға жібереді;»;

мынадай мазмұндағы 15), 16), 17) тармақшалармен толықтырылсын:

«15) осы Заңның мақсаттары үшін оффшорлық аймақтардың тізбесін және қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастырудың (жылыстатудың) және терроризмді қаржыландырудың тәуекелі жоғары елдердің тізбесін, осы Заңның 3-бабы 1-тармағының 12) тармақшасында көзделген қаржы мониторингі субъектілеріне жібереді;

16) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мақсатында мемлекеттік органдардың келісімі бойынша қаржы мониторингі субъектілерінің кадрларын даярлауға және оқытуға қойылатын талаптарды бекітеді;

17) осы Заңда, Қазақстан Республикасының өзге де заңдарында, Қазақстан Республикасы Президентінің және Қазақстан Республикасы Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.»;

18) 17-бапта:

1-тармақта:

3) тармақшадағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«4) сұрату бойынша немесе дербес түрде қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы шет мемлекеттің құзырлы органымен ақпарат алмасуға;»;

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

«6) қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы Қазақстан Республикасы заңнамасының бұзылғаны туралы хабарламаны тиісті мемлекеттік органдарға жіберуге;»;

мынадай мазмұндағы 7) және 8) тармақшалармен толықтырылсын:

«7) осы Заңда көзделген жағдайларды қоспағанда, жеке және заңды тұлғаларға қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы және қаржы мониторингі субъектілерінің клиенттері туралы мәліметтер мен ақпараттарды беруден бас тартуға;

8) құқық қорғау органдарымен және арнаулы мемлекеттік органдармен бірлесіп, қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатумен) және терроризмді (экстремизмді) қаржыландыруға байланысты мәліметтер мен ақпарат алмасу және оларды беру бойынша өзара іс-қимыл тәртібін айқындауға құқылы.»;

2-тармақтың 1) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

19) 18-бапта:

1-тармақта:

бірінші абзацтағы, 1) және 2) тармақшалардағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

3-тармақта:

екінші бөліктегі «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:
«Арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының сұрау салуларын орындауды уәкілетті орган қаржы мониторингіне жататын операциялар туралы қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы республикалық дерекқордағы бар мәліметтер мен ақпараттар шегінде, сондай-ақ қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді (экстремизмді) қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы шет мемлекеттердің құзырлы органдарынан алынған мәліметтер мен ақпараттар шегінде жүзеге асырады.»;
20) 19-бапта:
тақырыбындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;
2-тармақтағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;
3-тармақта:
«заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;
мынадай мазмұндағы бөлікпен толықтырылсын:
«Уәкілетті орган заңнамада белгіленген тәртіпке сәйкес қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл саласындағы ынтымақтастық мәселелері бойынша шет мемлекеттердің құзырлы органдарымен келісімдер жасасуға құқылы.»;
4-тармақтың 1) тармақшасындағы, үшінші абзацындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;
21) 20-баптың тақырыбындағы және 1-тармағындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.
31. «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік бақылау және қадағалау туралы» 2011 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2011 ж., № 1, 1-құжат; № 2, 26-құжат; № 11, 102-құжат; № 15, 120-құжат; 2012 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 9, 14-құжаттар; № 3, 21, 25, 27-құжаттар; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 11, 80-құжат; № 12, 84-құжат; № 13, 91-құжат; № 15, 97-құжат; № 23-24, 125-құжат; 2013 ж., № 2, 11-құжат; № 10-11, 56-құжат):
көрсетілген заңға қосымшаның 1-тармағының 56) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.
32. «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 1, 3-құжат; № 8, 64-құжат; № 10, 77-құжат; № 12, 84-құжат; № 14, 94-құжат; 2013 ж., № 14, 75-құжат):
15-баптың 1-тармағының 14) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

33. «Микроқаржы ұйымдары туралы» 2012 жылғы 26 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2012 ж., № 20, 121-құжат):

1) 7-баптың 2-тармағы мынадай мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылсын:

«5-1) Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес қаржы мониторингі жөніндегі уәкілетті органға мәліметтерді хабарлауға;»;

2) 27-бап мынадай мазмұндағы 6-1) тармақшамен толықтырылсын:

«6-1) Микроқаржы ұйымдарының Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасын сақтауын бақылауды жүзеге асырады;».

34. «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» 2013 жылғы 21 маусымдағы Қазақстан Республикасының Заңына (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2013 ж., № 10-11, 55-құжат):

55-баптың 8-тармағының 3) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

57-баптың 4-тармағының 7) тармақшасындағы «Заңсыз» деген сөз «Қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын;

58-баптың 8-тармағының 10) тармақшасындағы «заңсыз» деген сөз «қылмыстық» деген сөзбен ауыстырылсын.

**2-бап.**

1. Осы Заң, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін алты ай өткен соң қолданысқа енгізілетін осы Заңның 1-бабы 5-тармағының 1) және 4) тармақшаларын, 14-тармағының 4) тармақшасын, 18 және 27-тармақтарын, 30-тармағының 6) тармақшасын, 7) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші абзацтарын, 8) тармақшасының төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы абзацтарын, 11) тармақшасын, 12) тармақшасының үшінші, төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы, жиырмасыншы, жиырма бірінші, жиырма екінші, жиырма үшінші, жиырма төртінші, жиырма бесінші, жиырма алтыншы, жиырма жетінші, жиырма сегізінші, жиырма тоғызыншы, отыз төртінші, отыз бесінші, отыз алтыншы, отыз жетінші, отыз сегізінші, отыз тоғызыншы, қырықыншы, қырық бірінші, қырық екінші абзацтарын, 13) тармақшасының екінші және үшінші абзацтарын, 15) тармақшасын, 17) тармақшасының бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы абзацтарын, 33-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының Президенті*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК